



Ересек жас тобы

## **Математика негіздері: Түрлі пішіндерге толған ғажайып көлік. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш.**

### **Оқу қызметінің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы үшбұрыш, дөңгелек және шаршы сияқты геометриялық пішіндердің қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау; қоршаған заттардың геометриялық пішіндерге ұқсастығы жөнінде ұғымдарын жетілдіру. Балаларды геометриялық пішіндердің қасиеттерін түстеріне қарамай, оларды тұтастыруды, беттестіруді, салыстыруды және ажыратуды үйрету; қоршаған ортадағы заттардың құрамында геометриялық пішіндерді байқауға жаттықтыру, геометриялық пішіндердің көлемін санап, санмен белгілеу дағдысын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, елестету, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балалардың қоршаған объектілердің қасиеттерін байқағыштығын дамыту, достыққа тәрбиелеу.

### **Сөздік жұмыс**

Жаттығуды орындағанда: «шаршы», «дөңгелек», «үшбұрыш», «бұрыштары бар – домаламайды», «бұрыштары жоқ – домалайды», «пішіндерді тұтастырамын (беттестіремін)» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.

### **Әдіс-тәсілдер**

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, суретті көрсету, дамытушы ойын, панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.

### **Құрал-жабдықтар**

#### **1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**

Ескі көлік дыбысының аудиожазбасы.

Суреттер сериясы:

- 1) ескі үлгіде машинаның суреті, үш дөңгелегі түрлі геометриялық пішіндер;
- 2) машинаның дөңгелектері тек дөңгелек пішінді.

Ғажайыптар көлігінің «сиқырлы дөңгелектердің нақпішіндері». Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы.

Көрнекіліктерге панно.

Екі жолақты математикалық панно.

Көрсеткіш.

Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.

Геометриялық пішіндердің көрнекілік нақпішіндері (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы):

1) түрлі түсті;

2) көк түсті.

Көрнекілік сызба-суреттері.

1. Шаршы мен үшбұрыштан үйдің сызбасы.

2. Үш үшбұрыштан шыршаның сызбасы.

3. Дөңгелектер мен үшбұрыштардан гүлдің сызбасы.

4. Дөңгелек пен үшбұрыштардан күннің сызбасы.

5. Дөңгелектерден құламайтын қуыршақтың сызбасы.

6. Шаршы, үшбұрыш, дөңгелектерден жүк машинаның сызбасы.

7. Дөңгелектер мен үшбұрыштардан құстың сызбасы.

8. Шаршылар мен үшбұрыштардан робот сызбасы.

9. Үшбұрыштар мен дөңгелектен қыздың сызбасы.

## **2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**

Әр балаға көлденең жолақты карточка, соңғы оң жақтағы шақпақтар жіңішке жолақпен қоршалған.

Ыдыстарда геометриялық пішіндердің кескіндері: үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш. Олардың түстері көк.

Ыдыстарда жеке-жеке жатқан 1, 2, 3, 4, 5 сандары.

Әр балаға түрлі түсті үшбұрыш, дөңгелек, шаршы сияқты геометриялық пішіндердің үлгілері.

## **Оқу қызметінің барысы**

### **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

#### **1.1. Аудиожазбаны тыңдау.**

Ескі көліктің дыбыстық белгісі естіледі.



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

– Балалар, бұл ненің дыбысы екен?

### **Суретті көрсету.**

Әртүрлі түске боялған, артындағы шанақтың орнына цирк шатыры жабылған ескі үлгідегі машинаның суреті көрсетіледі (бейнероликті көрсетуге болады).



### **1.2. Дамытушы ойын. «Ғажайыптар көлігін жөндейік».**

– Балалар, ғажайыптар әлемінде осындай көліктер ғана жүреді. Оған жүргізушінің керегі де жоқ, сиқырлы сөздерді айтқанда жүре береді екен. Бұл көлік біздің елге келгенде жүре алмай қалады.

– Көліктің жүрмеуінің себебі неде? Кім айтады?

Балалардың жауаптарын тыңдау.

– Иә. Балалар, біздің жолда бұндай дөңгелекпен көліктер жүре алмайды ... Солай ғой?

– Жақсы. Қандай дөңгелектердің қажет екенін тексеруіміз керек.

Панно алдына бір бала шақырылады.

– Аспандияр, мына дөңгелектердің қайсы көлікке келеді? Қалай тексересің?

Педагог үш түрлі геометриялық пішіндерді жаңа келген көліктің дөңгелектері ретінде ұсынады.




Бала үшбұрышты, шаршыны және дөңгелекті үстел бетінде кезек-кезек домалатады. Балалар дөңгелектің көлікке келетінін айтады.


### **Суретті көрсету.**

Жүруге жарайтын дөңгелектері бар машинаның суреті көрсетіледі.

Image not found or type unknown



– Жарайсыңдар, балалар! Мінекей, біздің ғажайыптар әлемінен келген көліктің дөңгелектері қайта жүреді екен. Сиқыршылар сендерге таңырқап тұр. Сендердің қолдарыңда сиқырлы таяқшалар болмаса да, неше түрлі сиқырды жасай аласыңдар, сондықтан, олар сендерге мына үш түрлі затты сыйлайды.




– Балалар, мына заттарды қалай атаймыз? (Бұл геометриялық пішіндер)  
Жарайсыңдар! Бүгін осы геометриялық пішіндермен ойнаймыз. Неше түрлі сиқыр жасаймыз.

## 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### 2.1. Панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы. «Айтылған геометриялық пішінді тауып алып салыстыр».

2.1.1. Жаттығуды орындау үшін көрнекіліктерді жапсыруға панно және көлемі бірдей үшбұрыш, шаршы, дөңгелек пішіндері қажет болады.


Image not found or type unknown



Әр баланың алдында көлденең екі жолақты карточканың соңғы оң жақтағы шақпақтары жіңішке жолақпен қоршалған.

Ыдыстарға түсі біркелкі көк, саны бестен үшбұрыш, дөңгелек, шаршының кескіндері салынады.

Бірнеше ыдысқа жеке-жеке 1, 2, 3, 4, 5 сандары салынып жатады.




– Балалар, карточкаларды жақындатып, ыдыстарда жатқан заттардан бір-бірден алыңдар. Өз алдарыңа салып отырыңдар.

– Балалар, осы геометриялық пішіндердің арасынан үш бұрышы бар, үш қабырғасы бар пішінді тауып алыңдар.

– Жақып, сен қандай пішінді алдың? (Мен үшбұрышты алдым.) Үшбұрыш екенін қалай білдің? (Үш бұрышы бар. Үш қабырғасы бар.)



Педагог өзінің қолындағы пішіннің сұлбасының бойымен саусақпен жүргізіп, бұрыштарын санайды: «Бір ... , екі ... , үш бұрыш. Бір ... , екі ... , үш қабырға».



– Балалар, үшбұрыштың бойымен саусақты жүргізіп көріңдер. Жарайсыңдар!

– Үстіңгі жолаққа саны екі үшбұрышты салыңдар.

– Байжан, сен үшбұрыштарды қандай санмен белгілейсің? (Екі санымен.)



Жарайсың!

2.1.2.

– Балалар, қазір қолдарыңа бұрыштары мен қабырғалары үшеу емес, төртеу болатын пішінді алыңдар.


– Құралай, сен қандай пішінді алдың? (Мен шаршыны алдым.) Шаршы екенін қалай білдің? (Төрт бұрышы бар. Төрт қабырғасы бар.)

Image not found or type unknown



Педагог өзінің қолындағы пішіннің бойымен саусақпен жүргізіп, бұрыштарын санайды. «Бір ... , екі ... , үш ... , төрт бұрыш. Бір ... , екі ... , үш, төрт қабырға».

Image not found or type unknown



- Балалар, бойымен саусақты жүргізіп көріңдер. Жарайсыңдар!
- Төменгі жолаққа үшбұрыштың саны қанша, сонша шаршы салыңдар.
- Назгүл, сен саны қанша шаршыны салдың? (Мен саны екі шаршыны салдым.) Жарайсың! Балалар, сендерде де саны екі болды ма? Тексерейік. Бір, екі. Барлығы екі. Дұрыс па? Қандай санмен белгілейміз? (Екі санымен.) Жарайсың, Досымхан!


2.1.3.

- Балалар, жоғарғы жолақтағы үшбұрыштарды ыдысқа қайта салып қойыңдар. Мұқият тыңдаңдар.
- Бір де бір бұрышы жоқ, қабырғасы да жоқ, үстелде домалап жүретін пішінді тауып алыңдар. Таптыңдар ма? Оның үстінен саусақты жүргізіп, үстел үстінде домалатып көріңдер.



Педагог балаларға тапсырманы өздігінен орындауға мүмкіндік береді.

- Жазира, қандай пішінді таңдап алдың? (Дөңгелекті алдым.) Дөңгелек екенін қалай білдің? (Бұрыштары жоқ, домалайды.) Жарайсың!



- Балалар, үстіңгі жолаққа саны екіден артық дөңгелектерді тізіп салыңдар. Санмен белгілеңдер.

Педагог балалардың жұмыстарын мұқият тексереді. Балалардың саны екі емес, одан көп, үш немесе төрт, бес дөңгелекті салғандарын байқайды.

- Балалар, дөңгелектердің саны шаршылардан артық екенін қалай тексеруге болады? (Иә, Әнуар, шаршыларды дөңгелектермен беттестіру керек.) Тамаша! Тексеріңдер. Дұрыс па? Не көп? Не аз? Жарайсыңдар! Салыстыру нәтижесін әр баладан жеке сұрауға болады.

## 2.2. Сергіту сәті. «Дөңгелек пішін саламын».

Балалар алаң ортасына шақырылады.

– Балалар, елестетіп көріңдерші ... Егер, шаршы пішінінің бұрыштарын доғамен қиып алып тастаса, қандай пішін пайда болады? (Дөңгелек пішіні.) Жарайсыңдар!

– Қазір дөңгелекті ауада салып көрейік.

Ырғақты, темпі орташа, әуенжазбасы қосылады.



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Суретші бала боламын,  
Дөңгелек пішін саламын.


Дөңгелек қызыл алма,  
Дөңгелек сары құрма,  
Апельсиндер, қызанақ,  
Дөп-дөңгелек бауырсақ.

Міне, мен қандай баламын,  
Алтын күнді сала аламын.

Балалар үлгі бойынша, ырғаққа сай қимылдар жасап, тақпақ сөздерімен сүйемелдейді.

## 2.3. Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы. «Геометриялық пішіндер жасырынды».

2.3.1. Әр балаға көлемі бірдей, үш түрлі түске боялған геометриялық пішіндердің жинақтары беріледі (шаршы, үшбұрыш, дөңгелек).



– Айгүл, сенің қолыңда нелер бар? (Геометриялық пішіндер бар.) Барлығын атап көр. (Үшбұрыш, шаршы, дөңгелек.) Жарайсың!


– Балалар, геометриялық пішіндердің түстері бірдей ме? Түстері қандай? (Түстері қызыл, сары, көк.)

– Мұқият тыңдаңдар ...

– Мына пішіндердің әрқайсын бірінің үстіне бірін, үстіден қарағанда көрінетіндей етіп салып көріңдер.

– Геометриялық пішіннің әрқайсы көрінуі керектігін ұмытпаңдар.

Педагог тапсырманы орындауға біраз уақыт береді. Балаларды аралап жүріп, жаттығудың орындалу барысын қадағалайды.



– Балалар, геометриялық пішіндерді кім жинап алды? Ринат, ең үстінде не жатыр? (Ең үстінде көк үшбұрыш жатыр.) Жақсы. Көк үшбұрыштың астында не жатыр? (Көк үшбұрыштың астында қызыл дөңгелек жатыр.) Ал, ең астында не жатыр? (Ең астында сары шаршы жатыр.) Жарайсың!

– Балалар, барлықтарыңда солай ма? Тексерейік.

2.3.2. Педагог панноға геометриялық пішіндердің көрнекілік үлгілерін балаларға дәл айтылған ретпен бірінің артына бірін салып орналастырады.

– Балалар, шаршы көріне ме? (Шаршы көрінеді.) Шаршының түсі қандай? (Шаршының түсі сары.) Шаршының нелері көрінеді? (Шаршының бұрыштары көрінеді.) Шаршының қанша бұрышы бар? (Шаршының төрт бұрышы бар.) Жарайсыңдар!

– Балалар, дөңгелек пішіні көріне ме? (Дөңгелек пішіні көрінеді.) Дөңгелектің түсі қандай? (Дөңгелектің түсі қызыл.) Дөңгелектің несі көрінеді? (Дөңгелектің шеттері көрінеді.) Дөңгелекте бұрыштары бар ма? (Дөңгелектің бұрыштары жоқ.) Дөңгелек қайда орналасқан? (Дөңгелек шаршының үстінде. Дөңгелек үшбұрыштың астында.) Жарайсыңдар!

– Дұрыс, дөңгелек шаршы мен үшбұрыштың арасында орналасқан. Шаршы мен үшбұрыштың арасында. Арасында орналасқан. Қайталаймыз. Жарайсыңдар!

– Геометриялық пішіндердің арасында ең жақсы көрінетін қандай пішін? (Ең жақсы көрінетін үшбұрыш пішіні.) Үшбұрыштың түсі қандай? (Үшбұрыштың түсі көк.) Үшбұрыштың қанша бұрышы бар? (Үшбұрыштың үш бұрышы бар.)

– Сендер геометриялық пішіндердің барлық қасиеттерін айтып шықтыңдар. Жарайсыңдар!




#### **2.4. Дамытушы жаттығу. «Суретте қандай пішіндер бар?»**



Жаттығуды жүргізуге бірнеше геометриялық пішіндерден құрылған көрнекілік сызба-суреттері қажет.

1. Шаршы мен үшбұрыштан құралған үйдің сызбасы.
2. Үш үшбұрыштан құралған шыршаның сызбасы.
3. Дөңгелектер мен үшбұрыштардан құралған гүлдің сызбасы.
4. Дөңгелек пен үшбұрыштардан құралған күннің сызбасы.
5. Дөңгелектерден құралған құламайтын қуыршақтың сызбасы.
6. Шаршы, үшбұрыш пен дөңгелектерден құралған жүк машинасының сызбасы.



7. Дөңгелектер мен үшбұрыштардан құралған құстың сызбасы.
8. Шаршылар мен үшбұрыштардан құралған робот сызбасы.
9. Үшбұрыштар мен дөңгелектерден құралған қыздың сызбасы.
10. Дөңгелектер, сопақшалар мен үшбұрыштардан құралған Чебурашканың сызбасы.





– Балалар, сендердің зерек болуларың қажет. Алдарыңда жатқан геометриялық пішіндерді жеке салып, дайындап отырыңдар.

– Мен кезекпен карточка-сызбаны көрсетемін. Сендер сызбада көрген бейнелерге қарап, құрамында сендерге таныс геометриялық пішіндерді көрсетесіңдер. Пішіндерді екі қолға алуға болады.

Әр сурет-сызба көрсетілген сайын, балалар пішіндерді көтерген кезде бір баладан құрамындағы пішіндерді атауды сұрауға болады.

Сызбалардың барлығын немесе кейбіреуін ғана қолдану бірнеше себептерге байланысты. Мысалы, оқу қызметінің өту динамикасын, балалардың дайындығы, балалардың зейінінің тұрақтылығы, оқу жүктемесі көлемінің қажеті, педагогтің шеберлігі.

– Жарайсыңдар, балалар!

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

#### **Оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.**

– Балалар, бүгін бізде көп ғажайыптар болған сияқты ... Қандай ғажайыптарды байқадыңдар? (Ғажайыптар көлігінің дөңгелектерінің бәрі дөңгелек пішінді болды.) Неге дөңгелек пішінді таңдадыңдар? (Себебі, дөңгелекте бұрыш жоқ. Дөңгелек домалайды.)

- Балалар, сендер тағы қандай геометриялық пішіндерді зерттедіңдер? (Шаршы мен үшбұрыш пішіндерін.)
- Балалар, сендер геометриялық пішіндердің көптеген заттардың құрамында бар екенін байқадыңдар. Барлығын тауып айттыңдар. Сендер нағыз сиқыршысыңдар. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар.









Image not found or type unknown





















Image not found or type unknown













Image not found or type unknown








Image not found or type unknown

